

Бекітемін:
Сарыөзен негізгі орта мектебінің
директоры М.А
М.Е. Байжұманова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025- 2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
Тобы: «Еркетай» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша		- 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; -Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен колдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. -Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу. -Құрсаудан еңбектеп өту.
	Тіл дамыту	- Ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тапқатар мен жаңылтпаштар айтқызу. -Дикция бойынша жұмысты жалғастыру. -Сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. -Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.
	Көркем әдебиет	-Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. -Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тапқатарды, өлеңдерді жаттауда. -Түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді колданып, оларды есте сақтауға.

		-Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
Қазақ тілі		Педагог жоспары бойынша
Математика негіздері		Сан, санау -5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. -Сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. -Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. -Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. -5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. -Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. -Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. -Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. -Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. -Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.
Құрастыру		-Қағаздан құрастыруға үйрету. -Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу. -Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу. -Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
Сурет салу		-Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. -Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. -Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға,

	сәндік-колданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. -Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. -Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. -Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. -Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
Мүсіндеу	-Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгеністерді, гүлдерді, оюларды киюда қолдану. -Тар жолақтарды көлденеңінен киюды, шаршының бұрыштарын киюды үйрету. -Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. - Қазақ халқының сәндік-колданбалы өнерімен таныстыру.
Жапсыру	-Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру; -Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; -Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. -Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.
Музыка	